

ҰЛТТЫҢ ОЙЫ МЕН ӨМІРІНІҢ КЕМЕЛ КӨРІНІСІ

Атағы алты атанға жүк болатын қазақ пен қырғыздың әдеби мұрасын ұштастыра білген дара тұлға Шыңғыс Айтматов «Тілі мәңгі жасаған халықтың өзі де өлмейді» дейді. Алаштың зиялысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов та «Сөзі жойылған ұлттың, өзі де жойылады» деген болатын.

Аталған екі тұжырым да тілдің маңыздылығын айшықтап тұр. Жалпы тілдер тобын екіге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі- «адамзат тілі», екіншісі- «ұлттар тілі». Адамзат тілін әлемдік жаратылыстың маңызы мен мазмұнынан, ең күрделі қасиеттерінен тұратын тілдер жүйесі дер едім. Бұл кәдуілгі бүкіл адамзат баласына тән жалпы сөйлеу құралы болып табылады. Жекелеген ұлттар мен ұлыстардың тарихи, мәдени, сабақтастық арқылы қазірге дейін жеткен тізбектері ұлттар тілі болып табылады.

Қазақстан жүздеген этнос өкілдерінің басын қосқан үлкен қарашаңырақ екені баршамызға мәлім. Тілдері ұмытыла бастаса да, ұлттық мәдениетінің негізін сақтап қалған елдер бар. Мәселен, шотландықтар мен ирландықтардың көпшілігі ағылшын тілінде сөйлегенімен де олар өздерінің ұлттық болмысын сақтап қала білді. Сонымен қатар тілдің қоғамда атқаратын қызмет салаларының санын ғалымдар түрліше көрсетіп жүр. Бір қызықты ақпаратты айта кетейін, әлемде АҚШ конгресінің есептеуі бойынша 7048 тіл бар. Осы тілдердің ішінен әр екі аптада 1 тіл жойылып, яғни жылына 25 тіл өліп отырады. Алайда, Қазақстанда бұл мәселенің алдын алуға болатын алғышарттар

бар. Бірлігі күшті ел озады, бірлігі жоқ ел тозады.

Жоғарыда аталған мақалдың алғашқы қатары еліміздегі татулық пен бірлік символының көрінісі деп есептеймін. Себебі, 130-дан астам этнос өкілдері өздерін ашық түрде қазақстандықпын деп мақтанышпен айта алады.

1998 жылдың 20-қаңтарында елімізде Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен 22 қыркүйек - Қазақстан халқы тілдерінің күні болып жарияланды. «Қазақстан Республикасының тілдер туралы заңында қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі былайша баяндалады: «Қазақстан Республикасының тілі – қазақ тілі». Мемлекеттік тілге деген өзге этнос өкілдері тарапынан жасалып жатқан құрмет расымен де талайды таңдай қақтырады. Отанын шексіз сүйетін, оның тілін қастерлейтін этнос өкілдерінің саны артып келе жатқаны - күрмеуі шешілмеген мәселелердің жаймен реттеліп келе жатқанын көрсетеді.

**Смадияр ҚУЛЬМАНОВ,
М. Әуезов атындағы
ОҚУ КБАҚ әскери
кафедрасының
оқытушысы,
педагогика-
психология
ғылымдары магистрі
запастағы
подполковник**